



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 9 шілде

2018 жылғы 29 маусымнан 6 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

6 шілдедегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,7%-ға (343,38-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 341,08 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 29 маусымнан 6 шілде аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ билігінің құны 34 млрд. АҚШ доллары құрайтын кейбір қытай тауарларына 25% мөлшерде әкелу бажын енгізу және оған Қытай тарапынан жауап тарифтер, Ұлыбритания үкіметінің басты мүшелері - Еуроодақтан шығу мәселелері жөніндегі министр Дэвид Дэвистің және орынбасары Стив Бейкердің премьер-министр Тереза Мэймен келіспеушіліктерге байланысты отставкаға кетуі, халықтың жұмыспен қамтылуы және ұзақ қолданыстағы тауарларға сұраныстың өсуі бойынша экономикалық деректердің жария етілуі болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының біраз әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Үндістан рупиясы** 0,6%-ға (68,47-ден 68,88-ге дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,3%-ға (14 330-дан 14 375-ке дейін) әлсіреді.
- **Ресей рублі** 0,3%-ға (62,78-ден 62,99-ға дейін) әлсіреді.
- **Түрік лирасы** 0,4%-ға (4,59-дан 4,57-ге дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** 0,5%-ға (3,88-ден 3,86-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** шетелдік инвесторлар тарапынан Оңтүстік Африка Республикасының акцияларына өсіп келе жатқан инвестициялар аясында 1,9%-ға (13,73-тен 13,47-ге дейін) нығайды, ол капиталдың мемлекеттік бағалы қағаздардан бұрынғы кетуінің орнын толтырды;
- **Мексика песосы** 1 шілдедегі президент сайлауында Лопес Обрадордың жеңісі аясында 4,4%-ға (19,91-ден 19,04-ке дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:
+7 (727) 704 585
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz